

**«Жетісу облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы»  
мемлекеттік мекемесінің «Жетісу облысының Дәнеш Рақышев  
атындағы филармониясы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық  
кәсіпорының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицері  
туралы Ереже**

**1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы «Жетісу облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицері туралы Ереже (бұдан әрі-Ереже) «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі- Заң) 16 бабының 3 тармағына сәйкес, және де Қазақстан Республикасы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бүйрығымен бекітілген квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы үлгілік Ереженің талаптарына сәйкес әзірленді.

2. Ереже «Жетісу облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорында (бұдан әрі - Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясы) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтің функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшелердің және адамдардың мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, функцияларымен өкілеттіктерін айқындауды.

3. Ереже Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясының ресми интернет ресурсында орналастырылады және барлық жұмыскерлердің назарына жеткізіледі.

4. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1). Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2). Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

3). Мұдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындауына және (немесе) тиісінше орындауына алып келуі мүмкін;

4). Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5). Сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6). Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын-алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу, және жою жөніндегі қызметі;

7). Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі үәкілетті орган – Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыруды және іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері.

5. Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтің функцияларын орындаитын жауапты адам - сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицер айқындалады, оның негізгі міндеті Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясы мен оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып саналады.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызмет функцияларын орындаитын жауапты адамды Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясының директоры айқындейді.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицер өз өкілеттіктерін тәуелсіз жүзеге асырады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясының субъектісінде қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша акпаратты тоқсан сайын Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет» Жетісу облысы бойынша Департаментіне және «Жетісу облысының мәдениет, архивтер және күжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесіне жібереді.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицерге әдіснамалық қолдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі үәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері көрсетеді.

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицердің функциясын Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясындағы басқа құрылымдық бөлімшелерінің функцияларымен коса атқаруға жол берілмейді.

**2-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицердің мақсаттары, міндеттері, қагидаттары, функциялары мен өкілеттіктері**

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицердің негізгі мақсаты - Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясы мен оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы

іс-кимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу.

11. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицердің міндеттері:

1). Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясы мен оның жұмыскерлерінің сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ескертү және алдын алу күралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

2). Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс –кимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

3). Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясында сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

4). Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

5). Занга сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

12. Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1). сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін болінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

2). басшылықтың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделілігі;

3). сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің акпараттық ашықтығы;

4). сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;

5). сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6). сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;

7). сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін үнемі арттыру.

13. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары: келесі күжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді:

1). Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимылдың ішкі саясаты;

2). Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясының қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі нұсқаулық;

3). Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясындағы мүдделер қақтығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты;

4). сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заңнамаға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;

5). сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;

6). Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясының қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері

немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжат;

7). корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін регламенттейтін құжат;

8). Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпарат жинауды, өндөуді, корытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;

9). "Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу дің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандығы № 12 бұйрығымен бекітілген сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу дің үлгілік қағидаларына (нормативтік күкүйктық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 14441) сәйкес Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясының қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу ді үйлестіреді;

10). Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл жөніндегі уәкілетті органның және Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясының басшысының шешімі бойынша жүргізілетін Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясының қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;

11). Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясында анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды митигациялау және жою бойынша қабылданатын шараларға мониторийгі жүзеге асырады;

12). Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

13). Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясының қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын үйымдастырады;

14). Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясының қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс қымыл саясатын және корпоративтік әдеп пен мінез құлық мәселелерін сактауды бақылауды қамтамасыз етеді;

15). Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясының ұжымында жалпы қабылданған моральдық-әдеп нормаларына сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

16). сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құзыреті шенберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға тенестірілген адамдардың Занда белгіленген қаржылық бақылау шараларын және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сактауды қамтамасыз етеді;

17). Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясының құрылымдық болімшелерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындаудына мониторинг өзірлейді және жүргізеді;

18). Мұдделер қақтығысын, оның ішінде Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясында жұмысқа орналастыру, сатып алу және бизнес-

процестер мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

19). Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясында сыйлықтар беру және алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

20). Контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;

21). Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясында сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шагымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және / немесе/ оларға қатысады;

22). Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясының сыйбайлас жемқорлықка қарсы заңнамадағы, сыйбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;

23). Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясының құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;

24). Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясының құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің акпаратын тындайды;

25). Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясының басшысына анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар енгізеді;

26). Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясының қызметінің ерекшелігіне қарай мұндай функциялар тәуелсіздікке әсер етпейтін және мұдделер қақтығысының туындауына әкеп соқпайтын жағдайда комплаенс, іскерлік әдеп, орнықты даму және баскалар мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;

27). Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі үекілетті органмен және мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және занда тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды;

14. Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясының директоры сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицерді тағайындауды және оның өкілеттік мерзімін, сыйақы мөлшерін және еңбекке ақы төлеудің шарттарын айқындауды.

15. Қажет болған жағдайда, Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясының директорының шешімімен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызмет құрылыш, жұмыскерлерінің құрылымы, штат саны (сандық құрамы), өкілеттік мерзімі, жұмыс тәртібі және енбегіне ақы төлеудің өзге де шарттары айқындалады және оларды тағайындау жүзеге асырылады

16. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицер сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке жүктелген міндеттердің орындалуын және функциялардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

17. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицердің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі Ереже негізінде әзірленетін лауазымдық нұсқаулықпен айқындалады және оны Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясының директоры бекітеді.

18. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицер комплаенс саласындағы уәкілетті органдармен кәсіптік үйымдар өткізетін оқыту іс – шараларына қатысу арқылы үнемі кәсіби біліктілігін арттыруы қажет.

19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицердің атынан оның күзыретіне кіретін мәселелер бойынша Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясының басқа кұрылымдық бөлімшелеріне жіберілетін құжаттар мен сауалдарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер қол қояды.

20. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицер комплаенс саласындағы уәкілетті органдар мен кәсіптік үйымдар өткізетін оқыту іс – шараларына қатысу арқылы үнемі кәсіби біліктілігін арттыруы қажет.

21. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицер өз қызметінің шеңберінде:

1). Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясының кұрылымдық бөлімшелерінен акпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік күпияны құрайтын материалдарды суратады және алады;

2). Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясының директорына күзыретіне жататын мәселелерді шығаруға бастама жасайды;

3). Ікімсалы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы заңнамасын бұзу туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;

4). Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясының басшылары мен басқа да қызметкерлерінен қызметтік тексеру/тергеу шеңберінде жазбаша түсініктеме талап етуге;

5). Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру жонінде ұсыныстар әзірлейді және оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органга жібереді;

6). Өз күзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

7). Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясының қызметкерлерінің Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзылғаны немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарлауы не аталған кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу үшін ақпараттандыру арналарын құрады;

22. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицер:

1). Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясы және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, күпиялыштың сактайды;

2). Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексінің және өзге де ішкі құжаттардың бұзылуының

болжамды немесе накты фактілері бойынша жүгінген адамдардың күпиялышының қамтамасыз етеді;

3). Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясының директорын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуымен немесе ықтимал мүмкіндігімен байланысты кез келген жағдайлар туралы уактылы хабардар етеді;

4). Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы хабарлайды;

5). Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясында белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6). Қызметтік және кәсіби этиканы сақтайды.

23. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицерге қатысуға болмайды:

1). алдыңғы үш жыл ішінде олар қатысқан процестерді тексеруге қатысуға;

2). тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе осындай зиян келтіретін ретінде қабылданатын кез келген әрекетке қатысуға;

3). күпия акпаратты жеке мүддеге пайдалануға;

4). іскерлік этика нормаларын бұзуға;

5). нәтижесінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицердің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптығына нұқсан келтіруі мүмкін не осындай залал келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтарды қабылдауға және көрсетілетін қызметтерді пайдалануға;

6). мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс-шараларға қатысуға болмайды.

24. Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясының басшылығы:

1). сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицердің қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орта құруға жағдай жасауы, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттемелерін орындауға, құқықтарын іске асыруға жәрдемдесуі;

2). сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицердің қызметін әкімшілік (ұйымдық-техникалық) қамтамасыз етуді жүзеге асыру, оның ішінде акпараттық жүйелер мен қосымшаларды (қажетті деректер базасына қол жеткізуі) және өзге де тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, оның қызметі үшін қажетті мүмкіндіктермен, активтермен және ресурстармен қамтамасыз етуі;

3). сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицердің жұмысы, әлеуметтік және коммуникациялық дағдылар мен біліктілік, құзыреттер мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін беруі қажет.

25. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицердің Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясының құрылымдық әмбілішшелерімен өзара іс-қымылы жұмыстағы өзара сыпайылық пен әдептілік ізегізінде құрылады.

26. Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясының құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицерге келесідей жәрдемдеседі:

1). Осы Ереженің 21-тармағы 1-ші тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты беру;

2). Анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау;

3). Тұындастын мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешу арқылы жәрдемдеседі.

### **3-тарау. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицердің есептілігі**

27. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицер Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясында қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шарапар бойынша ақпаратты тоқсан сайын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясында қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шарапар бойынша ақпарат Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша косымша жіберіледі.

28. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицер «Жетісу облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысына мерзімді түрде есеп береді.

Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясының басшысы тарапынан ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары тұындаған жағдайда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицер Заннның 24-бабы 1-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді.